

Ж.Ж. Жарылғапов, М.Ж. Кенжекова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: madinakenzhekova@mail.ru)*

Қазіргі қазақ прозасындағы қала бейнесі

Мақала қазіргі заманғы қазақ прозасындағы қала бейнесі жайлы жазылған шығармаларды талдауға бағытталған. Қазір «қала пейзажы», «қала адамының бейнесі» сияқты ұғымдар пайда бола бастады. Адамды қаламен байланыстыра қарастыру бүгінгі таңда аса маңызды болып отыр. Соған орай барша адам баласын алаңдатып отырған жаңа дәуірдің адамы, яғни қала адамының образы, өзара байланыста, өзара сабақтастықта қарастырылады. Басты нысан ретінде ХХІ ғасырда дүниеге келген қазақ романдары алынды. Мақаланың өзектілігін белгілеп тұрған мәселе — қазақ прозасындағы қала бейнесінің қойылуы, жан-жақты ашылуы. Аталмыш проблеманың ұлттық әдебиетіміздегі көріну деңгейін барынша танып-білу мақсатында әлеуметтік жүгі салмақты, қоғамдық маңызы айқын кейіпкерлер арқылы, олардың ой-толғанысы, әрекет-тіршілігі арқылы жалпы адамзатты толғандырған мәселелерге көз жүгіртіп, көркемдік тұжырым жасауға талпынған шығармаларға талдау жасалды. Мақалада тақырыпты ашуда, өзіндік образдар жүйесін жасауда қазақ жазушылары қолжеткізген жетістіктер, олардың көркем шығармаларындағы идеялық-эстетикалық жаңалықтар жан-жақты дәйектеледі; қоғамды жайлап бара жатқан рухани азғындау экспансиясы, адам, оны қоршаған орта, сол қоғамның адамға тигізер әсер-ықпалының қазақ романдарындағы көрінісі жан-жақты сараланды. Сонымен қоса, қалагерлердің этикалық-ұждандық мәселелерді көтеруіндегі танымдық-эстетикалық ұстанымдары ашылды. Нақты айтқанда, Д.Амантай, Н.Ораз, А.Алтай, Ө.Қосбағарова, Н.Қабдай, Қ.Әбілқайыр, А.Мырзахмет сынды жазушылардың осы тақырыпты ашудағы даралық және ортақ стильдік белгілері зерттелді.

Кілт сөздер: қазіргі қазақ прозасы, заманауи проза, постмодернизм, қала бейнесі, қала пейзажы, қала адамының образы, қала өмірі, Д.Амантай, А.Мырзахмет, А.Алтай.

Ұлт әдебиетінің тамыры тереңде, тарихы бай, көркемдігі де назар аудартады. Осы орайда көркем әдебиет – заманды заманға, ұрпақты ұрпаққа жалғастырып жатқан рухани алтын көпір. Көркем әдебиетіміз болмаса, халқымыздың тарихын, ұлт өміріндегі барлық кезеңдерді көз алдымызға елестете де алмас едік. Электронды ақпарат ағымы тасқындаған жаңа, үшінші мыңжылдықта таным дағдарысы белең алды. Ғасырлар тоғысында мәдениет көкжиегін көксеген жаңаша көзқарас, тың талғам қалыптасуы — уақыт заңдылығы. Дегенмен заманалардың орын алмастырған бейуақ мезгілінде, жылымық сәтінде қоғамда «қазақ әдебиеті тоқырауға ұшырады, бүгінгі заманның жедел даму қарқынына ілесе алмай қалды» деген жаңсақ пікірлер туғаны да рас. Бұл дауыл алдындағы тыныштықта айтылған сөз деп білеміз. Ғасыр табалдырығын аттаған кезеңде қандай бағытқа, қай ағымға барамын деп абдыраған көркемөнер тез күш жинап, ес жиып, түлкі боп қашқан уақыт көшін, тазы боп шалып, жемісті ізденістерге білегін сыбанып, батыл кіріскенін бүгінгі зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. Ұшқыр, әрі сезімтал жанр, көркемсөз өнерінің еркесі — поэзияны былай қойғанда, шығармашылық толғанысы тоқсан түйін — проза жанры ширақ қимылдап, жаңа заманның мұзарт шыңынан қарап жазылған бірқатар үлкенді-кішілі шығармалар ерекше тақырып, тың сюжеттерді дүниеге алып келді. Қазіргі әдебиетіміздің тақырыптық ауқымы тың үрдістеге сай кеңейе түсуде. Қаншама шығармалар жарық көруде. Бұрын-соңды қалаға ілікпеген тың жағдайлар мен адам мінездерін бейнелеуде батыл қадамдар жасалып, бейненің жинақтаушылық қасиеті күшеюде. Қалагерлер өз қоғамындағы, өз ортасындағы адами қасиеттерді зерттей отырып, алуан түрлі көркем образдарды дүниеге алып келіп жатыр. Соның нәтижесінде қоғамның бет-бейнесі, қыр-сыры айқынырақ танылып жатқаны шындық. Әдебиетіміздің өсу деңгейі де қалагерлеріміздің әлеуметтік өмір шындығын аша отырып, қоғамдық маңызды мәселелерді өз дәрежесінде толық танып, зерттеуінен көрінетіні белгілі. Мұны ұлт әдебиетінен, проза жанрынан көруге болар еді. Әдебиеттің тақырыбы өткен тарихты қозғаумен шектелмейтіні, әр қалагер өзі өмір сүріп отырған кезеңнің көркем келбетін жасауға да ұмтылатыны белгілі. Бұл жағынан, қазақ романшылары оқырман қауым алдында қарыздар болып қалмай, замана толқыны лекітіп әкелген өзекті мәселелерді көрсетуде қол қусырып қала алмайды. Қазіргі жас буын жазушылардың жаңа идеялы көркем туындылары келешекте зор құрметке ие болары сөзсіз. Себебі оларда заманның көкейкесті мәселелері көпке таныс суреттер мен жағдайлар арқылы беріледі. Қазақ әдебиеті тақырып, жанр, көркемдік жағынан да назар

аудартатын болса, оның ішінде қала көріністері, ондағы өмір, тіршілік тынысы да өзгеше әлем, бөлекше арна.

Атап айтқан жөн, қазақ қаламгерлері қала тақырыбын, ондағы адам өмірін, еңбегін, жастық, достықты сөз етті. Қазіргі қазақ жазушыларының қалалықтар өміріне арнап қалам тартқанда интеллигенция (зиялылар) өкілдеріне ерекше мән беруі тегін емес. Өйткені қазіргі қалалық қазақ зиялылары өкілдерінің бәрі де жазушының өзі сияқты күні кешегі ауылдан шыққан қазақ балалары. Айталық, А.Смайылдың «Тамұқтан келген адам» романында ұлт тарихы, тағдырлы тұстар сөз болса, Н.Ақаштың «Жатақхана қыздары», «Сезім жетегіндегі жігіт» — қала көрінісін, замандастар өмірін арқау етеді. Ал, А.Алтай «Бомж» туындысында қазіргі өмір, уақыт көрінсе, Д.Амантай «Гүлдер мен кітаптар», «Шайтан мен шайыр» шығармаларында бірнеше идеялық арна, қазіргі қоғам, адам әлемі, өмір мен өлім мәні, портреттік штрихтар, баяндау жүйесі назар аудартады. Негізінен, қазіргі кезең туындыларынан қоғамдық құбылыстардан өзге адам әлемі, қала өмірі, тынбас тіршілік, шынайы оқиға желілері мол. Оқуға жеңіл, әсері де зор.

Қазіргі прозада уақыт пен кеңістіктің атынан сөйлейтін, бүгінгі қоғамның айнасы болатын кейіпкер туралы сөз қозғағанда ғалым Наурызбаевтың «замандас образы — тарихи-эстетикалық категория, ол үнемі өзгерісте, заманмен бірге ілгері қадам басып, жанарып, толысуда, биіктен биікке көтерілуде көрінеді» дегені еске оралады. Арғы тарихи кезеңдерді сөз етпегеннің өзінде, бір ғана электронды ақпарат дәуірінің алғашқы ширек ғасырындағы замандас прототипінің идеалы, үлгісі болған әдеби образдар тобы жаңа сапада толыға түсуде. Бұл, әрине, әдебиеттің даму заңдылықтарының табиғатына тән құбылыс [1].

Қала прозасында әңгімелері оқырмандар тарапынан жақсы пікірге ие болып жүрген жазушылар жеткілікті. Атап айтатын болсақ, ең алғашқы «жаңашыл» туындыларымен әдебиетсүйер қауымды селт еткізген Дидар Амантай, ерен еңбек етіп жүрген жазушылардың бірі Асқар Алтай және өзіміздің жерлесіміз, жас қаламгер Алмаз Мырзахмет.

Дидар Амантай – қала прозасының даусыз өкілі. Д. Амантай романын зерттеушілер модернистік және постмодернистік эстетикамен ұштастырады. Жазушы шығармалары түрлі туындылардан алынған фрагменттерден құрастырылғандай әсер қалдырады. Шығармалары көбінесе көлемі шағын болып келеді. Дәстүрлі мағынадағы сюжет үлгісі кездеспейді.

Д.Амантай өзіне дейінгі әдеби дәстүрдің көркемдік жетістіктерін игере отырып, жаңашыл ізденістерге, экспериментке ұмтылады. Қаламгер «Гүлдер мен кітаптар», «Мен Сізді сағынып жүрмін», «Тоты құс түсті көбелек», тағы басқа прозалық туындыларымен әдебиетке жаңа тақырыптар мен идеяларды, жазудың тың тәсілдерін алып келді. Қаламгер шығармаларында психологиялық тереңдікпен қатар, сергелдең сезімдер мен күдік-күмәні көп трагедиялық сарындардың, мазасыз ойлардың жарыса жүргенін байқаймыз. Әдебиетіміздегі адам болмысы мен жаратылыс жұмбақтары сынды бұрыннан келе жатқан мәңгілік мәселелерге жазушы енді жаңа қырынан келіп, ең алдымен, адам мен әлемнің қарым-қатынасына постмодернистік таным тұрғысынан философиялық терең мән жүктейді. Адамның ішкі жан дүниесі мен сыртқы болмысындағы қайшылықтардың себептерін, ұңғыл-шұңғылын зейінмен зерттеуге тырысады.

Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» атты жаңа романы қазақ прозасына серпін беріп, әдебиет айналасындағы көзі ашық, көкірегі ояу оқырмандар, ғалымдар, әдебиеттанушылар арасында үлкен қарама-қайшы пікірлер тудырды. Қай заманда болмасын өз қоғамын қозғап, көптің көзіне түсіп, саналуан пікір, орайлы ой өргізуге себепкер болған туындылар уақыт өте бағасыз, құнды дүниеге айналатыны мәлім. Кеңістік пен уақытты, мезгілді тұманды қып ұсынатын, аз сөзбен қою шиеленістер ұсынатын постмодернизм бағытындағы аталмыш роман желісі ХХІ ғасыр, яғни бүгінгі күннің, оқиғасы ретінде өрбиді. Әлішер есімді қаламгер кітабын жазуға кіріскен. Барлық әлемі, бүкіл ойы шығармашылыққа байланған. Бүгінгі өмірінің бейнесі, ой қатпарларында жатқан өзіндік әлемі, айналасындағы таныстары, күнделікті өмірі – жазып жатқан кітаптың негізгі идеясына айналған. Сол себептен, оның қолжазбасы тірі, ерекше тынысты әлем. Бұл — бір және де кейіпкердің ұғымында: Кітап дәурені өткен. Кітаптың қадірі кеткен. Кезінде кітапқа бас иген, кітаппен дос болған адамзат оған «сатқындық» жасады. Бұл құбылыс романның бас кейіпкері Әлішердің мұңына, мүмкін, трагедиясына айналған. Сондай-ақ тап осы «сатқындық» бір есептен, оның шығармашылық ізденістерінің бастауы да. Өйткені нағыз өнердің кезеңі – «әдебиеттің өмірдің көркем бейнесі» емес, суреткер жасар жаңа әлем кезеңі екенін терең сезінетін кейіпкер дәстүрлі әдебиет стилінен саналы түрде бастартады — өзге өлшемді әдебиет жасауға ұмтылады. Мұнысынан жап-жақсы нәтиже

шығады. Содан да барып оның оқырманы енді өнер, мәдениет контексіндегі пәлсапа әлемінде күн кешуге мүмкіндік алады [2].

Д. Амантай шығармада мәні мәңгілік мәселелерді сауалдар формасына көмкеріп, оған жауап іздей шарқ ұрады, қаһарманымен бірге сергелдеңге түседі. Сонымен бірге өзінің рухани ізденістері мен философиялық толғамдарына оқырмандарын да тартып, ортақтастырады. Әлішер өмірдің мәні, тұлғаның кемелденуі, жетілуі, моралдық принциптер мен болмыстың мәңгілік заңдылықтары турасында сергелдең ойға беріледі.

Әлішер, бір жағынан, әлеммен үйлесім іздейді, екінші жағынан — ол «постмодернистік» дәуірдегі адамның рухани құлдырауына, азғындауына алаңдайды. Содан келіп қаһарманның жалғызсырауы туады. Рухани биікке көтерілген сайын адамның жан-жағында өзін түсінетін адамдар азая береді. Мұндай феноменді жалғыздық деуден гөрі, жалқылық, даралық деген жөн сияқты. Әлбетте, даралық та жалғыздықтың бір түрі, бірақ ол негізінен сол адамның өз қалауымен болады және ол одан ләззат, шабыт алуы міндетті. Қай дәуірде болмасын, өз ортасынан ерекшеленіп туған адамдар әулие, данышпан, ойшыл, атақты ғалым, т.с.с. ұлы адамдардың өмірі осылай өткені тарихтан белгілі. Данышпан адам үшін өзін айналасынан оқшаулану, айналасынан безіну, жалғыз қалу – рухани кемелденудің, өзін-өзі жетілдірудің, өз бойындағы бүкіл қабілеттерін толық жүзеге асырудың бір шарты. Адамзат қоғамын алға жетелеген бүкіл жаңалық атаулы соны ойлап тапқан адамның жалғыз қалып, жайлылықта ой кешкен шабытты сәтінде дүниеге келген. Зерттеуші Ә. Бөпежанова Әлішердің мінез ерекшелігі турасында: «Ол — адам санасының тұтастығы жойылған, «әлемнің кіндігі — адам» қағидасы белгілі бір деңгейде мағынасынан айырыла бастаған, бұқаралық мәдениеттің «жеңіп», адамның, қоғамның өмір салты, тіпті дүниетанымы озық технологиялар аясында қалыптасып отырған кезеңнің кейіпкері деуге болады; белгілі философ-мәдениеттанушы А. Наурызбаева «постгуманистік кезең» деп анықтама беретін кезеңнің кейіпкері; алайда рухани болмысы мықты, бойына өз заманының да рухани-мәдени мұрат-идеалдарын жинақтаған кейіпкер», деп сипаттама береді. Қорыта айтқанда, жазушы біраз қазақ жазушыларының бұрынғы романдарында кездесетін қалыпты бұза отырып, постмодернистік ізденістерге барады. Яғни нақты бір логикаға сиятын сюжет, нақты аяқталған образ жоқ. Автор адам санасындағы үзік-үзік жарқылдарды бейнелей отырып, бірнеше философиялық үзінділерден роман жасап шығарды. Постмодернизмнің басты ұғымдары – екіұштылық, көпмағыналылық, күдік тудыру, әлемді хаос деп қабылдау, жанрларды біріктіру, адам рухының белгілі бір кезеңін бейнелеу, оқиғалардың мерзімі, уақыты, кеңістігінің анық болмауы, кейіпкерлерінің жас мөлшерінің тіпті есімдерінің аталмауы т.б. Сондай-ақ модернизм үшін дәстүр маңызды болса, постмодернизм одан бастартады.

Қазіргі қазақ прозасының тағы бір өкілі Асқар Алтай — әңгіме жанрының шебері. Бұған жазушының «Казино» жинағына енген әңгімелері айғақ. Оның әрбір әңгімесінің мәні мен мазмұны бір-біріне ұқсамайды. Оқыс оқиғалар көкірегі ояу адамды селк еткізері хақ. Оның «АҚШ консулының тас лақаты», «Лайбаран», «Түсік», «Тараншы Жолбарыстың сатқындығы», «Кентавр», «Қызыл қасқыр», «Стақан», «Сібір офицері», «Альпинист», «Шаһид», «Салбурын», «Прописка», «Көзжендет» әңгімелерінен мазмұндық, түрлік ізденістер байқалады.

Жинақтың беташары – «Казиноны» бей-жай отырып оқи алмайсыз.

«Құдайсыз қоғамға, имансыз адамға бәрі рұқсат... ештеңе жат емес екен. Ал мұндай мұндар дүниеде өртті жүрек, дертті сана ақылға қонақ бермей, асау сезімге ғана бой алдырмақ...» [3] деп басталған әңгімеден астаң-кестең, былық тірлікке кезігесіз! Астанадағы генерал-«кэнбешниктің» қырықтан асқан баласы Жошының тамағы тоқ, көйлегі көк. Баратын жері — Казино. Бар мақсаты — сұңғақ та сұлу Есілаймен кездесу, нәпсі-шайтанның құмарын басу. Жошы бұрын үйленген, сәби де сүйген, неге екені белгісіз, әйел затына деген суық, жат сезім бар бойында. Сол сезім ажырастырып та жіберді. Ол әрекетіне титтей өкінген жоқ. Тіпті бауыр еті – баласына да суып кеткен. Міне, қырықтан асты. Алды – тұман, арты – қараң. Жошы болмысында қатыгездік мол. Бақсақ, қатыгездіктің дәмін еккен әке-шешесі екен. Әлде төрт, әлде бес жасында бір-біріне пышақ ала жүргіргенде бала тұңғыш рет қызыл қанды көріп шошынған. Жігіт ағасының имандылықтан білетіні – Бісіміллә Рахман Рахым. Одан өзгенің бәрі — нәпсі қалауы. Істеп жүрген тірлігі – арақ ішу, құмар ойыны, зинақорлық – бәрі-бәрі күнәлі істер. Астанадағы әкесінің де шекесінің «шылқығаны» шамалы. Әлдебір жас қызға «бұт артып», сәбилі болуымен өзімен-өзі әуре. Жаратылысында Жошы жаман жігіт емес. Күнәлі, жиіркенішті іс-әрекетін саналы түрде істегенмен, оған өзі қатты өкінеді. Нәпсі-шайтанның арбауына шырмалғанымен, одан шығудың жолын білмейді. Жошы, Жошының әкесі сынды адамдар өмір сүрген қоғамның барар жері – құрдым. Сол үшін адам баласы өзін-өзі

жақсы жаққа өзгертуі керек! Парақорлықтан, жағымпаздықтан, мақтангершіліктен, қызғаныштан, көре алмаушылықтан, тойымсыздықтан, тыраштанудан, еліктеуден, арақ-шараптан, ысырапқорлықтан т.б. толып жатқан жағымсыз істерден аулақ болуы керек. Жинақтағы Асқар Алтайға тән стиль: оқырманды бірден баурап, жетелейтін шұрайлы тіл, шиыршық атқан оқиға мен оқырманға салар ой, дәл қойылған тақырып мен мұндалап тұрады.

Асқар Алтайдың әңгімелерінің көптеген сюжеттері белгілі бір фабулалық кестелеу арқылы XX ғасырдың соңғы және XXI ғасырдың алғашқы он жылдықтарындағы қазақ қоғамында орын алған қоғамдық процестерді айшықтайды. Тақырыпнамалар, біріншіден, адам мен қоғам, адам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды көтерумен; екіншіден, қаһармандардың отбасылық және махаббаттық жағдаяттықтарымен байланысты осы бір «мәңгілік» тақырыпты әлеуметтік және жеке бастық мәселелік аясында белгілі бір кезеңге тән стильдік және жанрлық модалдылық реңкімен берумен; үшіншіден, ұлт қаламгері санасындағы кейіпкер келбетінің түр өзгешелігіне ұшырап, экзистенциалды сипатта сомдалуы бұрынғы қалыптасқан канондарға сыймауымен байланысты болып келеді.

Ал А.Алтайдың «Қаладағы құтпандары» өзгеше дүние. Хикаятта қаладағы қаңғыбас бес ит - алпамсадай Ала төбет, қара овчарка – Тік құлақ, сүліктей — Сары тазы, қоспа қанден – Торшолақ, сүйіріктей қаншық – Ақ қанденнің кезбе тірлігі қамтылған. Иттердің көзімен кәрі анасын тастап кеткен қайырсыз ұрпақтары, маскүнем еркек, нашақор қыз-жігіттердің адамгершіліктен аттаған, қоғамға жат, лас, жиіркенішті кейіп-кескіндерін көріп, төбе шашыңыз тік тұрады. Күшік кездерінде ол иттердің өз иелері, мекен-тұрақтары болған. Кейіннен әртүрлі себеппен далада қалып, кезбелік өмірге көшкен. Қазақта жеті қазынаның бірі саналатын иттердің мұндай аянышты халге тап болуына, әлбетте олардың иелері, екіаяқты адамдар кінәлі.

Жазушы иттердің тағылық тірліктерін жеріне жеткізе бейнелеген. Көз алдыңызға елестетіп, сурет салған. Қаладағы қоғам келбетін бес ит көзімен суреттеп шыққан.

Желтоқсанның ақырған аязынан аш иттер бүрсен қағады. Түн сабылып жортып келеді. Іздегендері ку құлқын қамы. Топ басында тік құлақ – овчарка. Өзгелері соңында. Иттер қала сыртындағы ауыл тектес жатаған тамды үйлерді бетке алған. Кенет алдағы Тік құлақ терезелері үңірейген, өртенген үйді көріп сілейіп тұрып қалған. Ит жазбай таныды. Күшік кезінен көзіне ыстық мекен. Бірақ қожайыны жоқ. Өртеніп кеткен ғой. Өртеннің ішінен ештеңе таппаған өзге иттер тайып отырды. Тік құлақ қалып қойды. Иесінің өзін мәпелеген сәттері елестеп үнсіз жылады...

Хикаят соңында құндақтаулы сәбиді көтерген қыз жөргектегі нәрестені аялдамаға әкеліп тастайды. Артында қалып бара жатқан тастанды сәбиге бұрылып, көз салған да жоқ. Не деген тас жүрек жан. Аяздан бүрсендеп тоңған, аштықтан бұралған иттердің ортасында – қорғансыз сәби. Құтпандардың көздері қарауытып әлі қырқынан да шықпаған періште-сәбиді жәукемдемек. Сол үшін де бірімен-бірі таласты. Абырой болғанда аяқастынан бір топ қыз-жігіт келе қалып, тастанды бала тірі қалды!

Жоғарыдағы екі хикаятта да төгілген тілмен бірге жан тебіренер тағдырлар, өмірдің ащы ақиқаты бар. Осылайша, Асқар Алтай қазіргі замандағы қала адамының образын, жалпы қазіргі заманның басты мәселелерін сөз етеді. Бұл әңгімелер, кімді де болса, терең ойға салатыны сөзсіз.

Бүгінгі прозаиктердің ішінде Сайтан кейіпкерін әңгімесінің тақырыбы етіп алған жас жазушы — Нұрлан Қабдай қала тақырыбындағы мифопоэтиканың жарқын үлгісі. Ол өзіне дейінгі прозада қалыптасқан суреттеу мен айшықтауды, психологиялық параллелизм жасауды жат көрмейді. Дәстүр сабақтастығын жалғай отырып, өзінің тың стилі мен ұстанымын алып келген. Әдетте, қазақ прозасындағы қала тақырыбы турасында сөз қозғалса, жазушыларымыздың қаламы бұл тақырыпқа онша жүрдек еместігін алдыға тартатындары көп. Ал Нұрланның «Сайтан» әңгімесі шын мәнінде қазақ қаламгерлері де қала тақырыбын өте жақсы меңгере алатындығын, қаланың өзіне де қазақы таныммен қарауға болатынын көрсетіп берген. Мәселен, «Ажары етегіне жеңгетайлық еткен жезөкшеге дейін сырты жылтырап тұрғанымен, іші құрттап жататын сидиған шыны ғимарат мұның да жұмыс орны». Қаланың қоғамдық көлігін ол былай кейіптейді: «Дымқыл асфальттың күсін бауырына көшіре жеткен автобус ысылдап аз тұрды. Кісісі аз екен. Түскен ешкім жоқ. Қайта терезеден бұған телміріп емес, болсаңшы деп одырая қалған қалың көз. Бір жаққа безіп бара жатқан, бір жақтан безіп келе жатқан екі аяқтыға аялдаманың өзі аял бола алмай қалғандай. Іштегі олар ерте кетті ме, сырттағы бұл ере кетті ме, автобус бұны бүйірімен қылғытып алып жөнөп берген». Өзге жас прозаиктерге қарағанда, тілі жатық автор портрет жасағандығымен де олардан айрықшалаңады. «Әудемнен көрді. Әйнек қабырғалы аялдамада жалғыз отыр. Кезбе. Кезбе екенін де әудемнен: ұзын

иен орындықтың шетінде ғана бүкшіп отырған арқасынан, дал-дұлы шыққан пәлтесінен, күлдірей домбыққан оң беті мен қабарта салбыраған үстіңгі ернінен-ақ аңғарған. Қаланың қақ ортасында қайдан жүр? Былтыр көрген бұлтын іздеп келді ме деп ойлады. Не қылса да, автобус тосып отырмағаны анық» [4]. Бұл әңгіменің де кейіпкерлерінің аты жоқ. Кеңістік — қала, бірақ қаланың да аты жоқ. Уақыт: таңғы мезет. Жауын жауып тұр. Екі кеңістік бар. Біреуі — үйдің іші, екіншісі — жауынды қала. Анығында кейіпкер жауынды қалада үйінен қашып, өзін жалғыз сезініп кетіп бара жатады. Осылайша жалғыздықтан жабыққан келіншек қаладағы көлігі сапырылысқан жолға өзін өзі тастағысы келеді. Бірақ тәтті жанын қимай, бірақ жалғызсыраған өмірді де тәрк еткісі келіп тұрғанда бұның қасына ұзын бойлы, келбетті жігіт келеді. Танысады және оның үйіне еріп барады. Әңгіменің соңында мұның барлығы келіншектің жай ғана түсі болып шығатындығы. Өзінің күйеуімен ұрысып қалмағандығы, қалыпты өмірдің бір таңында бастырылып қалғандығы мәлім болады. Бір кейіпкердің түсі арқылы адамы көп, сонымен қоса жалғыздығы көп қалада Сайтанның арбауына адамдардың оңай түсе қалатыны әңгіменің негізгі идеясы деуге болады. Кейіпкер бір түннің ішінде бүкіл қаланы кезбей-ақ бақытты өз үйінен табуға болатынын, өзінді өлімге қию, жалғыздықты сезінген адамның қасына Сайтанның жақын жүретінін түсінеді. Барлық күрес — адам мен Сайтанның арасындағы күрес. Тек ол мифтік кейіпкердің мүмкіндігі жоғары. Ол адам кейіпіне ене алады. Өз кезегінде, әңгімесіне осы тақырыпты арқау еткен прозаик тақырыбын жақсы аша алған.

Ә.Қосбағарованың «Қара кемпір», «Хризантема», «Қызыл орамал» әңгімелері мен «Сізге» атты эссесіне әртүрлі жастағы әйел-аналардың қилы тағдыры негіз болған. Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесін толықтыратын бұл шығармалардың негізгі ерекшелігі — әртүрлі оқиғаға қатысатын кейіпкерлердің жас ерекшелігінің бір-біріне ұқсамауы. Мәселен, «Қара кемпір» әңгімесіндегі жалғыз баласының асты-үстіне түсіп, оны оқытып адам қатарына қосқан кемпірдің мүшкіл халі — ащы болса да өмір шындығы. Жазушы өмірдің күнгеіні емес, көлеңкелі тұстарына көңіл бөле отырып, тығырықтан шығар жолды іздейді. Кеңестік дәуір ыдырап, еліміз егемендік алғанмен, адам баласының психологиясы өзгере бастағаны жасырын емес. «Хризантемада» жас бойжеткендер өмірінен сыр шерткен автор қала жастарының тіршілігінен хабар берсе, «Сізге» шығармасында махаббаттың адам жасына қарамайтындығына көңіл аударған. «Ол» әңгімесінде адал адамдардың арам қоғамда өмір сүре алмайтындығы студент жастар өмірімен шынайы бейнелеген. Алғашында студенттердің үлкен ақын санап, одан қолтаңба алып жүрген ақын ағасының ішімдікке салынып кеткенінің сырын ашу арқылы табиғат сыйға берген тума таланттар мен ақынсымақтар арасындағы текетірес, халтурщиктердің пайдасына шешіліп жататынын әшкерелеген. Жазғанын көршілері көшіріп алып, қолының ұзындығын пайдаланып, жинақ етіп шығарып жатқанын көрген ол өзі өмір сүрген қоғамға лағнет айтады. Негізгі кейіпкердің атын атамай-ақ, ол деп бейнелей білген автор сол ақынның түбіне жеткен ақынсымақтарды мақтамен бауыздаған. Мұндай жайттардың өмірде кездесіп жататынын жадында ұстаған автор оқырмандарына өнер жолының оңай еместігін сендірген. «Тағдыр» әңгімесіндегі кандидаттық диссертациясын қорғап, ауылға барып мектепте мұғалім болып жүрген Берікті мектеп директорының жұмыстан қысқартуы оның тағдырын тәлкек етеді. Көп білгені, еңбекқорлығы, әділдігі, турашылдығы үшін көпке жақпаған ол жұмыссыздықтың салдарынан ішімдікке салынып кетсе, «Күй» әңгімесіндегі күйшінің де тағдыры осы тақылеттес. Соңғы үш әңгімеде біздің қоғамның келеңсіз жақтарын әшкере етумен бірге, өнер мен өнер иелеріне қазіргі таңда қамқорлықтың азайып кеткендігі көркем бейнеленген. Жазушы әңгіме жанрына тән көркемдік ерекшеліктерді жете меңгерген. Шым-шымыр оқиға қатысатын кейіпкерлерінің өміріне лирикалық шегініс жасаған ол барлық кейіпкерлерінің толық бейнесін шынайы сомдаған [5].

Қазіргі қазақ прозасындағы сөз майданында тың ізденістер бас көтеріп, саналуан эксперименттер жасалып жатқаны сөзсіз. Солардың біріне жазушы Мәдина Омарова шығармашылығы арқылы үңіліп көрейік. М.Омарованың кейіпкерлерінің күрделілігі, қайшылықты болмысы, көлемі шағын болса да сюжет қоюлығы мен психологиялық тереңдігі — көзге оттай басылатындығы. Көркем шығармаға арқау еткен идеясының образға айналуы, яғни кейіпкерлер әлемін жасау — жас жазушының қазақ прозасында бар болса да, өзінше алып келген өзгеше демі сынды. Қоғамдық мәселеден гөрі, кейіпкер болмысына терең үңілу, шынайы табиғатын көрсетуге ұмтылу автордың шексіз мұң тербеткен, сағым сағыныш сенделткен тұлғасын елестетеді.

Қазақ прозасында кейінгі жылдардағы әдеби тенденциялардың бірі ретінде белең алған экзистенциализм ағымын Мәдина да айналып өтпейді. Кейіпкердің рухани өмірінің түйткілді мәселелерін импрессионистік тәсілдермен ұсынғанын, «экзистенциализмдегі өмір шындығын абсурд пен хаос дүниесі деп қарайтын идеялардың» маңызын асқақтатқанын қаһарман мен авторлық

позиция ара-қатынасына терең үнілгенде байқай түсеміз. «Ақиқатқа адам болмысын тану арқылы жетуге ұмтылыс», «өмір сүрудің мәні — өзінді өзін тануда» сияқты қағидаларды ұран етіп алып, өмір сүретін замандастарының қазіргі қазақ қоғамындағы трагедиялы табиғатын образдардың өз әлемінен аспай жататын реалистік психологиясы арқылы жеткізеді.

Қаламгер туындыларынан сан алуан кейіпкер галереясын көруге болады. Өзінің әрекетіне есеп бермейтін абсурд қаһарман, өзін шексіз сүйетін нарцистік психология, шектен тыс эгоист, өзін-өзі таба алмай адасқан, сезімнен ада тас жүректер т.б. «Қария», «Қарға», «Мысық» сынды әңгімелердегі кейіпкерлер жалғыздықпен шарасыз достасқан, қоғам қайраңына шығып қалған қорғансыздар ретінде суреттелген. Мәдина Омарова кез келген шығармаларындағы жаңаша кейіпкерге қазіргі қоғамның бүкіл қасіретін артуға ұмтылып тұрады. Автор көбіне қазіргі қоғамның дағдарысы — жалғыздықты жиі қарастырады. Жалғыздық — қазіргі ХХІ ғасырдың дерті, әсіресе ол урбандалған, дамыған елдерге тән құбылыс. Миллиондаған тұрғыны бар қалада тұрып та адам өзін жалғыз сезінуі мүмкін. Бүгінгі қоғамдағы жалғыздықтың тереңдей түсуіне ықпал ететін себептер көп: біркелкі стандартталған өмір, интеллектуалдық деградация, айналадағы адамдармен байланыстың әлсіреуі, яғни, қарбалас тірлік, жұмысбастылық, уақыт-ақша ритмі және т.с.с. Тіпті, «ғаламтордағы өмір» деген түсінік пайда болды. Достарың да виртуалды, қарым-қатынастың бәрі интернет арқылы жасалады, әлеуметтік желі — ой-пікіріңді бөлісетін басты орын. Бұрынғыдай барыс-келіс, аралас-құраластық шын мәнінде сиреп барады. Достарыңмен, туыстарыңмен, тіпті бірге тұратын ең жақын адамдарыңмен байланыс шектеулі. Бұл үрдіс заманауи қоғамның жаңа проблемасын туғызды — индивидуализмге орын жоқ, мұнда әлеуметтік таптаурындар кең таралған, адам социумда өзімен бірдей, өзінен аумамайтын, құндылықтары ұқсас адамдар арасында өзін жалғыз сезінеді. Осының бәрі қазіргі қазақ прозасындағы қала адамының бейнесін дәлме-дәл көрсетеді.

Қазіргі қазақ әдебиетінің белді өкілі өзіміздің Алмаз Мырзахмет те қазіргі қазақ прозасына қала тақырыбын алып келді. Жазушының «Ханшайым», «Қала мозаикалары» атты кітаптары жарық көрді. Соның ішіндегі «Жазушы жазбасы» мистикалық сарыны бар, там-тұмдап оқырман психикасына шабуыл жасайтын шығарма. Мұнда қаламгер жаңа әңгіме жазу барысындағы шығармашылық процесті сипаттайды. Кейіпкерлер тіріліп кеткен, мұның соңынан қалмайды, мұнымен тілдеседі, керіседі, тіпті бірігіп алып, авторға қарсы шығады. Түс пен өң, қиял мен шындықтың шарпысуында қаласыз. «...егер барлығы мен күдіктенгендей болса, бұл ойымның өзі бір жерде қағазға түсіп жатыр. Яғни, ол — менің ойым емес...», — дейді кейіпкердің кейіпкері. Бәріміз де кейіпкерміз ғой. Жаратқан жазып отырған кітаптағы еркі жоқ кейіпкер емей, кім едік? Автордың айтар ойы осы бағытқа жетелейді.

Алмаздың жазуын ерекшелейтіні — шиырлаған психологизм. Ол көп адамдардың бойында бар қараңғылықтан қорқуды (ахлуофобия) ұтымды ойнатады: «Құлағымның түбіне демалып, қан ұйып қалған көздерін таңдана жұмып-ашып, шашымды иіскеп, мен қозғалған сәтте бұрышқа дыбыссыз жетіп барып, отыра қалатын шығар деп ойлап жатқанда қайта ұйықтап кетіппін», «Баспалдақпен көтеріліп келе жатқанда аңғардым, кілт салатын тесіктен қап-қара көз жылтылдап қарап тұрды», «Баспалдақтан түсіп бара жатқанда есіктен әлгі қыздың қарап тұрғаны сезілді» деген жолдарын оқығанда еріксіз түршігесіз. Жоқ, бұл жапонның қорқынышты фильмі емес. Кәдімгі кез келген адамның санасында болатын арпалыс. Сондықтан қазақы танымға да жат болмайды [6]. Ең бастысы, сіздің жүйке талшықтарыңызды бір жыбырлатып алған шығарма, «Қорқақтық қатыгездіктің анасы емес пе!», «Өлім мәңгіліктің дүниеге келуі емес пе?» деген сияқты толып жатқан оқыс тұжырымдарымен ойды қозғамай қоймайды. Тілде шұбалаңқылық жоқ, баяндау серпінді, қысқа да нұсқа. Айтпақшы, әңгімеде автор кейіпкерінен қашып құтыла алмай, ақыры пәтерді жағып кеткен екен ғой.

Алмаз — сюжет құрастырудың шебері. А.Мырзахметтің әңгімелерінен кейін кейіпкер тағдырына алаңдау деген ғанибет сезім есіңізге түседі. Алға жылжыған сайын Алмаз оқиғаны енді қай қиырға сүйрейді, сюжетті қалай құбылтады деп иненің ұшында отырсыз. Өйткені одан бәрін күтуге болады. Бұл аңғал да қарапайым, бір оқып шығып ұмытып кететін проза емес, біраз уақытқа дейін қиялыңды мазалап, сананды сансыратар әңгімелер. «Ұшқындағы» оқиға «түс ішіндегі түс» емес, қиял мен шындықтың арасы да емес, кәдімгі реалды оқиғадай сипатталады. «Көгершін» әңгімесінде ақ көгершіннің көзімен қала өміріндегі «қанатсыздар» жайлы, оларда «жүрек бар ма екен?» деген сұрақ қою арқылы, қазіргі жай-жапсарды жазады. Сонымен қатар психологиялық иірімдерге толы «Автопортрет», «Өрт», «Жыртылған күнделік», «Қуыршақ» атты әңгімелерін, «Түн жанарындағы жас» пунктир хикаясын ерекше атап өту керек. Бұл шығармаларға кейіпкерлердің сана

түкпіріндегі өз-өзімен айқасы, ақиқатпен арпалысы арқау болған. Жаңа заман дауылымен үдере көшіп, он шақты шал-кемпірі қалған «Қарттар ауылы» атты жетім мекеннің ең соңғы тұрғыны туралы шығармасы да — жақсы үлгіде жазылған сәтті туынды десек болады.

Қазіргі қоғамдағы маңызды мәселелердің бірін жазған Қанағат Әбілқайырдың «Қағаз қаласы» атты әңгімесі айрықша назар аударарлықтай. Бүгінгі күнгі жастардың ең басты мәселесі — баспанасыздық дерті болса, оның қазіргі қазақ қоғамын шырмауықтай шырмап алғаны шығарманың басты тақырыбы етіп алынған. Жастар үшін бұл үлкен мұқтаждыққа айналды. Өзіне-өзі сенбеу, келешегіне күмәндану, көбінесе, дәл осы бас ауырудан басталады. Қазақ халқы, оның өсіп келе жатқан ұрпаққа ие болатын бөлігі мұның зарын сұмдық тартты. Және бұл мәселе бүгінгі қоғамдағы тамыр-таныстық, жағымпаздық дертін тудырды. Жазушы даладан келіп, қаладан ұядай орын таппаған сансыз қазақтың мұнын көрсетіп отыр. Баспанасыздық зарының қазақ ұлттық болмысына тиетін зияны мен зардаптары шегіне жеткізе суреттеледі.

Сол сияқты, Қойшыбек Мұбарактың «Пәтер» атты әңгімесі де қазіргі қазақ жастарының элеуметтік жағдайы туралы. Әңгіме қызықты оқылып, оқырманды тез баурап алады. Себебі бұл — қазір кең танымалдыққа ие болған жайт: ауылдан, кең даладан қым-қуат тіршіліктегі қалаға келген қаракөз қазақ баласының бір баспанаға зарыққан халі жөнінде. Қазақ жастарына мынау нарық заманында үлкен, кіші қалалардан жайлы пәтер алу — арманнан ары, жеті қат көктегі қол жетпес нәрсеге, көкейде ғана қалар тәтті қиялға айналған. Мұндайда «Кісідегінің кілті — аспанда» деген мақалдың көлденеңдеп кейіпкер алдынан шыға беретін сәттері көп. Әңгіме соңындағы өз ернін өзі қыршып, қаны бұрқ еткен кейіпкердің көңіл-күйі — Қазақстандағы талайларға етене таныс ауыр элеуметтік ахуал.

Қазақ әдебиеті қанатын енді ғана керіп, бұрынғы жеткен құзыр шыңның басынан бұдан да алыс, бұдан да биік көкжиектерге көз тігіп отыр. Дүниеге жаңа ұрпақ келді. Олар алдыңғы толқын, аға ұрпақтың ісін ары қарай жалғастырмақ ниетте. Бүгінгі лебіз сол келешекке, жақсы болашаққа қосқан азғантай ғана жақсы сөз жарым ырыс болғай. Талантты жазушының кез келген образы өмірлік материалдың жинақталуының, өзіндік даралануының сипаты болып қана табылмайды, адам және қоғам туралы белгілі бір ұғымның көркем бейнесі қызметін де атқарады. Сонымен бірге қазіргі қала бейнесі мен қала адамының мәні туралы жаңа түсінік әдебиетте көркем бейнелеу тәсілінде жаңа дәуір ашады деп айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жарылғапов Ж.Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті: оқу құралы / Ж.Ж. Жарылғапов, А.А. Мырзахметов. — Алматы: Эпиграф, 2016. — 164 б.
- 2 Амантай Д. Қарқаралы басында / Д. Амантай. — Алматы: Полиграфкомбинат, 2010. — 395 б.
- 3 Алтай А. Казино / А.Алтай. — Алматы: Атамұра, 2008. — 367 б.
- 4 Нұрлан Қабдайұлы сайты «Әдебиет порталы» [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://old.adebiportal.kz/blog/blog-594/945/?_lang=kz&translit=arabic
- 5 Қосбағар Ә. Қызыл орамал / Ә. Қосбағар. — Алматы: Жалын, 2012. — 160 б.
- 6 Мырзахмет А. Қала мозаикалары / А.Мырзахмет. — Қарағанды: Гласир, 2016. — 216 б.

Ж.Ж. Жарылғапов, М.Ж. Кенжекова

Образ города в современной казахской прозе

Объект исследования статьи — образ города в казахской прозе XXI века. Авторами предприняты многоаспектные исследования образа города в произведениях современных казахских писателей, таких как А.Мырзахмет, Д. Амантай, А.Алтай, А. Косбагарова, Н. Кабдай. В произведениях этих авторов образ города дан в системе художественного осмысления общечеловеческих проблем, социально-исторической проблематики; герои произведений — городские жители, размышляющие на общественно значимые темы. В статье подробно рассмотрены художественные достижения и новаторство казахских писателей в раскрытии городской темы, которое выражено в создании собственной системы образов, идейно-эстетического комплекса, включающего такие аспекты, как экспансия духовного разрушения общества, пагубное влияние человека на окружающую среду, формирование человека под воздействием общества. Также в статье проанализированы языковые и стилистические особенности реализации образа города в современной казахской прозе.

Ключевые слова: современная казахская проза, современная проза, постмодернизм, образ города, пейзаж города, образ человека города, жизнь города, Д.Амантай, А.Мырзахмет, А.Алтай.

Zh.Zh. Zharylgapov, M.Zh.Kenzhekova

The image of the city in modern Kazakh prose

The object of research in this article is the image of the city in the Kazakh prose of the XXI century. The authors take a multidimensional study of the image of the city in the works of modern Kazakh writers such as A. Myrzakhmet, D. Amantay, A. Altay, A. Kozbagarova, N. Cabdi. In the works of these authors, the image of the city is given in the system of artistic understanding of universal problems, social and historical problems, the heroes of the works are urban residents who reflect on socially significant topics. The article describes in detail the artistic achievements and innovation of Kazakh writers in the disclosure of the urban theme, which is expressed in the creation of its own system of images, ideological and aesthetic complex, including such aspects as the expansion of the spiritual destruction of society, the harmful influence of man on the environment, the formation of man under the influence of society. The article also analyzes the linguistic and stylistic features of the implementation of the image of the city in modern Kazakh prose.

Keywords: modern Kazakh prose, modern prose, postmodernism, image of the city, landscape of the city, image of the city man, city life, D. Amantay, A. Myrzakhmet, A. Altay.

References

- 1 Zharylgapov, Zh.Zh., & Myrzakhmetov, A.A. (2016). *Kazirkhi kazak adebiyeti [Modern Kazakh literature]*. Almaty: Epihraf [in Kazakh].
- 2 Amantay, D. (2010). *Karkaraly basynda [Up the Kararaly]*. Almaty: Polihrafkombinat [in Kazakh].
- 3 Altay, A. (2008). *Kazino [Casino]*. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 4 Kabdaiuly, N. «Adebiyet portaly» [Sait of N.Kabday «The literary portal»]. *old.adebiportal.kz*. Retrieved from <http://old.adebiportal.kz/blog/blog-594/945/?lang=kz&translit=arabic> [in Kazakh].
- 5 Kosbahar, A. (2012). *Kyzyl oramal [Red handkerchief]*. Almaty: Zhalyn [in Kazakh].
- 6 Myrzakhmet, A. (2016). *Kala mozaikalary [City mosaics]*. Karagandy: Hlasir [in Kazakh].